

ШЫГЫС/ИСХОД	АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ЖІТС ОРТАЛЫҒЫ
	ШЫГЫС/ИСХ № 03 15
	КУН/ДАТА 05.01.2021.
	ПАРАҚ САНЫ/КОЛ-ВО ЛИСТОВ _____
	АТЫРАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ СПИД ЦЕНТР

КГП на ПХВ «Областной центр по профилактике и борьбе с синдромом приобретенного иммунодефицита (СПИД)» Управления Здравоохранения Атырауской области объявляет о проведении тендера по государственным закупкам по закупу реагентов.

Полный перечень закупаемых товаров, их количество и подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Товар должен быть доставлен конечному получателю в соответствии с требованиями тендерной документации.

Требуемый срок поставки указан в тендерной документации.

К тендеру допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в пп. 8-9 Правил организации и проведения закупа лекарственных средств, медицинских изделий, фармацевтических услуг, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 октября 2009 года №1729.

Пакет тендерной документации можно получить в срок до 10 часов 00 минут 25 января 2021 года включительно по адресу г. Атырау, ул. Владимирского, 22 б, кабинет № 322, время с 9 час. 00 мин. до 17 час. 15 мин. часов или по электронной почте по адресу: ocspid.bux@mail.ru, а также на Веб сайте www.atyrauspidcentre.kz.

Окончательный срок представления тендерных заявок до 10 часов 00 мин 25 января 2021 года.

Конверты с тендерными заявками будут вскрываться в 11 часов 30 мин 25 января 2021 года по следующему адресу: г. Атырау, ул. Владимирского, 22 б КГП на ПХВ «Областной центр по профилактике и борьбе с синдромом приобретенного иммунодефицита (СПИД)» Управления Здравоохранения Атырауской области, актовый зал.

Потенциальные поставщики могут присутствовать при вскрытии конвертов с тендерными заявками.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: 8 (712) 2212188.

Атырау облыстық деңсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы құрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖҚ КМК медициналық бүйімдарды мемлекеттік сатып алу бойынша тендер жүргізілетіні туралы хабарлайды:

Сатып алынатын тауарлардың толық тізбесі, олардың саны және егжей-тегжейлі өзіндік ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тауар соңғы алушыға тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес жеткізілуі тиіс.

Тауарларды берудін талап етілетін мерзімі тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандығы №1729 қаулысымен бекітілген дәрілік заттарды, медициналық бүйімдарды және фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінің 8-9-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарға сай келетін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін 2021 жылғы 25 қантар 10 сағат 00 минутқа дейінгі мерзімді қоса алғанда Атырау қаласы, Владимир көшесі, 22 б, № 322 бөлмеден сағат 9.00 минуттан бастап сағат 17.15 минутқа дейінгі уақытта немесе ocspid.bux@mail.ru электрондық поштасы және Веб сайт www.atyrauspidcentre.kz арқылы алуға болады.

Тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі 2021 жылғы 25 қантар 10 сағат 00 минутқа дейін.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер Атырау қаласы, Владимирская көшесі, 22 б, мажіліс-зал мекен жайы бойынша 2021 жылғы 25 қантар 11 сағат 30 минутта ашылады.

Әлеуетті өнім берушілерге тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысусына болады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы келесі телефон арқылы алуға болады: 8(712) 2212188.

ШЖҚ КМК «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы курес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы»

Атырау облыстық денсаулық сактау басқармасы

Директордың м.а.

Л.З.Акбанова

2021 ж. кантар 05 № 7 бүйрүгімен
БЕКІТІЛДІ

Реагенттерді сатып алу бойынша тендерлік тапсырысты дайындау және тендерге қатысу үшін әлеуетті жеткізушілермен ұсынылатын

ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

Реагенттерді сатып алу бойынша тендерге қатысу және тендерлік тапсырыстарға дайындық үшін әлеуетті жабдықтаушыларға тендерді ұйымдастырушымен ұсынылатын осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі- Тендерлік құжаттама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазанындағы №1729 қаулысымен бекітілген, фармацевтикалық қызметтердің, медициналық бұйымдарды, дәрілік заттарды сатып алушы ұйымдастырудың және жүргізудің Ережелерімен (бұдан әрі- Ереже) сәйкес жасалған.

1 бөлім. Кіріспе

1. Тендердің мәні

1. Реагенттерді (бұдан әрі- тауарлар) сатып алу бойынша тендерді жүргізу бойынша Осы тендерлік құжаттама олардың тендерге қатысусы туралы толық ақпараттың әлеуетті жабдықтаушымен ұсынылуы мақсатында жасалған.
2. Тендер Тауарды жеткізушілерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Сатып альнатын Тауарлар толық тізімі Тендерлік құжаттамаға берілген 1 қосымшада көрсетілген.
3. Тендерді ұйымдастырушымен/ Тауарға тапсырыс беруші Атырау облыстық денсаулық сактау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы курес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖҚ КМК
4. Сатып алу үшін белінген сома Тендерлік құжаттаманың 1 қосымшасында көрсетілген
5. Жеткізілу мерзімі: Тапсырыс беруші белгіленген кестеге сәйкес Келісім шартта көрсетіледі.

2. Төлемнің базалық шарты

6. Төлемнің базалық шарттары: Тапсырыс беруші төлемді әлеуетті жеткізушиге жеткізілу фактісі бойынша төлейді.

3. Әлеуеттік жеткізушілердің құқықтығы және біліктілігі

7. Тауарлардың әлеуетті өнім берушілеріне мынадай біліктілік талаптары қойылады:
 - 1) құқық қабілеттілігінің (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің болуы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);
 - 2) Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (бұл талап өндірушілерге қолданылмайды);
 - 3) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегінің болмауы;

- 4) банкроттық не таратылу рәсімдері не жатпауы;
- 5) жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде болмауы;
- 6) рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруға жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсатының болуы.

Әлеуетті жеткізуши сатып алуларды ұйымдастыруышыға өзінің біліктілік талаптарына сәйкес екендігін растайтын, Ережелерде айқындалған, құжаттарды ұсынады.

Сатып алуларды ұйымдастыруышының әлеуеттік жеткізушиден осы тармақта көрсетілмеген біліктілік талаптарын талап етуге құқығы жоқ.

4. Тендерді ұйымдастыруышыларға тендерлік құжаттардың жағдайын, оның көшірмесін алған, әлеуетті жеткізушилерге түсініктеме

9. Әлеуетті жеткізуши тендерді ұйымдастыруышыдан тендерлік құжаттарды түсіндіруін талап етуіне құқығы бар, бірақ тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін он күнтізбелік күн бұрын. Әлеуеттік жеткізуши сұраныстарын тендерді ұйымдастыруышының келесі деректемелеріне жолдау керек: 060009, Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 22 б, Атырау облыстық деңсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун татылығы синдромына (ЖИТС) қарсы курс және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖҚ КМК, есепші бөлімі. Тендерді ұйымдастыруыш өтінімді алғаннан кейін үш күннен кешіктірмей, тендерлік құжаттар ұсынылған, барлық әлеуеттік жеткізушилерге, авторлық сұранысы көрсетілмей, сәйкес түсініктемелерді жолдауы керек.

10. Тендерді ұйымдастыруышы, тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы уақыты өткенге дейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей өзінің бастамасы бойынша немесе әлеуеттік жеткізушилердің өтініміне жауап ретінде тендерлік құжаттамаларға өзгерістер енгізуге құқылы. Енгізілген өзгертулердің міндетті күштері бар және олар туралы тендерлік құжаттамалар ұсынылған барлық әлеуеттік жеткізушилерге тез арада хабарланады. Бұл ретте, тендерлік өтінімдерге осы өзгерістерді әлеуеттік жеткізушилермен есеп жүргізу үшін бес жұмыс күнінен кем емес уақытқа тендерлік өтінімдерді ұсынудың нақтылы мерзімін тендерді ұйымдастыруыш ұзартады.

2 бөлім. Тендерлік құжаттамалар

1. Тендерлік құжаттамалардың мазмұны

11. Тендерлік құжаттар келесі мағынада болады:

- 1) оның көрсетілген біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын әлеуетті жеткізуши ұсынған құжаттарға талаптар қойлуы;
- 2) Ереженін 8 тармағында айқындалған акпараттар;
- 3) Тендерлік құжаттардың 1 қосыншиасына сәйкес сатылыш алынатын тауарлардың тізімдемесі;
- 4) Тендерлік құжаттың 2 қосыншиасына сәйкес сатылыш алынатын тауарларға талап етілетін техникалық сипаттамаларға;
- 5) Тендерлік құжаттың 3 қосыншиасына сәйкес жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тендерге қатысуға өтінім;
- 6) Тендерлік құжаттың 4 қосыншиасына сәйкес (Банктік кепілдік) тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі;
- 7) Тендерлік құжаттың 5 қосыншиасына сәйкес берешектің жоқ екендігі туралы банк анықтамасы;
- 8) Тендерлік құжаттың 6 қосыншиасына сәйкес бағалар кестесін ұсыну формасы;

- 9) Тендерлік құжаттың 7 қосымшасына сәйкес сатып алу туралы келісімшарттың жобасы;
- 10) Тендерлік құжаттың 8 қосымшасына сәйкес әлеуеттік жеткізушінің өтініміне қоса берілетін құжаттардың тізімін толтыру формасы;

З бөлім. Тендерлік өтінімдердің әрекет ету мерзімі, мазмұны, ұсынылуы, өзгертулері мен кері қайтарылуы

1. Тендерлік өтінімдердің әрекет ету мерзімі, мазмұны, ұсынылуы, өзгертулері мен кері қайтарылуы

12. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді мөрленген түрде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

13. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушігеп қайтарылады.

14. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнінен бастап есептелетін кемінде күнтізбелік қырық бес күнді құрайды. Қолданылуы мерзімі ең қысқа тендерлік өтінім қабылданбауы тиіс.

15. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге рұқсат беру органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруға бірлесіп орындаушының құқығын растайтын рұқсатты да, әлеуетті өнім беруші мен ол тартып отырған бірлесіп орындаушы арасында жасалған шартты да ұсынады.

Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі мыналарды қамтиды:

1) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тендерге қатысуға өтінім. Электрондық жеткізгіште денсаулық сактау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттар тізімдемесі ұсынлады;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;

3) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, сондай-ақ құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейін жұмыс істеп тұрган акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынлады);

4) заңды тұлға құрмaston кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландаратын құжаттың көшірмелері;

5) рұқсаттардың (хабарламалардың) не мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландаған көшірмесін ұсынады;

6) конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салықтық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

7) конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес берілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе шетел банкінің клиенті болып табылса, онда әлеуетті өнім берушінің шетелде орналасқан филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, осындай банктердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады) әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарына сәйкес үш айдан астам созылатын міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы әлеуетті өнім беруші қызмет алатын банктің қол қойылған анықтамасының түпнұсқасы;

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер;

9) егер әлеуетті өнім беруші басым құқыққа үміткер болса, тиісті өндірістік практика талаптарына (GMP) немесе халықаралық стандартқа (дәрілік заттарды сатып алу үшін) және (немесе) тиісті дистрибуторлық практика (дәрілік заттарды сатып алу үшін) (GDP) және тиісті дистрибуторлық практика (GPP) талаптарына обьектінің сәйкестігі туралы сертификаттың көшірмесі (фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін);

10) егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасында салық төлеуші ретінде тіркелмесе, онда оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органының осы әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті және салықтық есепте тұрмайтыны туралы хаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады;

11) әлеуметті өнім беруші мәлімдеген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың және (немесе) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің, қосалқы көрсетілетін қызметтердің бағасын қоса алғандағы соңғы бағасы қалыптасатын, әлеуетті өнім берушінің нақты шығындарын қамтитын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша әлеуетті өнім беруші мәлімдеген бағалар кестесі;

12) қосалқы көрсетілетін қызметтер;

13) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізуі растайтын құжаттың түпнұсқасы;

14) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау үшін жағдайлардың болуын тексеру актісінің, қажет болған кезде "салыннату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеу актісінің көшірмесін (актілер өтінімдері бар конверттер ашылған күнге дейін бір жылдан кешіктірілмей берілуге туи). Әлеуетті өнім беруші тиісті дистрибуторлық практика сертификатын (GDP) ұсынған жағдайда жоғарыда көрсетілген актілер ұсынылмайды;

15) тендерлік құжаттамада көзделген басқа да құжаттар.

Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:

1) мәлімделген тауардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшелік (медициналық техниканы мәлімдеген кезде *doc форматында электрондық жеткізгіште де);

2) осы Қағидалардың талаптарына және тендерлік құжаттамаға ұсынылатын тауарлардың және фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растайтын құжаттар.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге тауарларды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан бір пайыз мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мынадай:

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алушы үйымдастырушының банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алушы үйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банк кепілдігі түрінде ұсынылады.

Ақшалай түрдегі тендерлік өтінімнің қамтамасыз етілуі тендерді үйымдастырушының сәйкес есеп-шотына әлеуеттік жеткізуши енгізеді:

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы курс және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖҚ КМК, СТН 151000020140, ЖСК KZ046010141000193243, БИК HSBKKZKX АОФ АО "Народный банк Казахстана" БИН 940740000901;

Кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмайды.

Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда қайтарылады:

1) тендерлік өтінімнің мерзімі өткен (тендер жеңімпазының тендерлік өтінімін қоспағанда);
2) тендерлік өтінімді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны қайтарып алғанда;

3) тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес келмеу негізdemесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбағанда;

4) басқа әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы деп танылғанда;
5) тендердің жеңімпазын айқындаусыз сатып алу рәсімдері тоқтатылғанда;
6) сатып алу шарты күшіне енгенде және сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді тендер жеңімпазы деп енгізгенде.

Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер ол:
1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгерте;

2) тендердің жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге шарт жасаудан жалтараса;

3) жеңімпаз болып танылса және сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге шартты кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе қайтарылмайды. Әлеуетті жеткізуши тендерлік өтінімді ұсынудың мерзімі аяқталғанға дейін өзінің тендерлік өтінімін өзгертуге немесе қайтарып алуға құқылды. Бұл ретте ол өзінің тендерлік өтінімін кепілдік қамтамасыз етілуін қайтарып алуға құқылды.

Әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімді қайтарып алу туралы хабарламасы тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірілмей, сатып алушы үйымдастырушыға жазбаша түрде жіберілуі тиіс.

Тендерлік өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

2. Валюта және тендерлік өтінім беру тілі

16. Әлеуеттік жеткізушінің тендерлік өтінімнің бағасы тенгемен айқындалуы керек.

17. Әлеуеттік жеткізуши даярлаған, Тендерлік өтінім, сондай-ақ тендерлік өтінімге катысты барлық қағаздар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тілде құралады

және ұсынылады. Әлеуettік жеткізуши ұсынатын, ілеспе құжаттар мен баспалық әдебиеттер, тендерлік өтінім тіліндегі сәйкес бөлімдерінің аудармасы нотариалды күэландырылған нақты аудармасы қоса берілгенде ғана құжаттарды басқа тілде құруға болады, мұндай жағдайда, тендерлік өтінімнің түсіндірілуі мемлекеттік немесе орыс тілінде құрылған құжаттар басымдылқ танытады.

4 бөлім Тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдерді ұсыну

1. Тендерлік өтінімді рәсімдеу және визалар қою

18. Әлеуettік жеткізуши тендерлік өтінімді беттері тігілген, нөмірленген, соңғы бетіне заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қол қойылған және мөрі басылған күйде ұсынуы керек.

19. Тендерлік өтінімнің техникалық айрықшалауы (беттері тігілген, нөмірленген, соңғы бетіне заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің қол қойылған және мөрі басылған күйде) және кепілдік қамсыздандырудың түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек салынады.

20. Тендерлік өтінім басылған, я болмаса өшіріліп қалмайтын сиямен жазылады керек және әлеуettі жеткізуши қол қояды.

21. Тендерлік өтінімде жазылу жолдары арасында ешқандай қосымша қоюлар, өшірулер немесе қосымша жазулар болмау керек, тек әлеуettік жеткізушинің грамматикалық немесе арифметикалық кателерін түзегені болмаса.

22. Әлеуettік жеткізуши тендерлік өтінімді конвертке салып жапсырады. Конверттің сыртында әлеуettі жеткізушинің атауы және заңды мекенжай көрсетіледі. Тендерлік құжатта көрсетілген, тендерді үймдастырушының мекенжайына жолданады және «_____» және «_____» деген жазулар болуы керек.

2. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орыны мен соңғы мерзімі

23. Тендерлік өтінімдер тендерді үймдастырушыға әдейі немесе пошта арқылы (жолданады) жіберіледі: 060009, Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимир көшесі, 22 б, Атырау облыстық деңсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШІЖК КМК, есепті бөлімі. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі – 2021 жылдың 25 қантар жергілікті уақытпен сағат 10-00-ге дейін ұсынылады..

3. Тендерлік өтінімдерді ұсыну

24. Осы Тендерлік құжаттың және жоғарыда айтылған Ереженің талаптарына сәйкес тендерлік өтінімдер ұсынылуы керек.

5 бөлім. Тендерлік өтінімдерді ашу, бағалау және салыстыру

1. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу

25. Тендерлік өтінімдері бар конверттер 2021 жылдың 25 қантар жергілікті уақытпен 11 сағат 30 минутта мына мекенжай бойынша: Атырау облысы, Атырау қаласы, Владимирский көшесі, 22 б, Атырау облыстық деңсаулық сақтау басқармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШІЖК КМК мажсіліс залы (орталық гимараты) ашылады.

Осы тендерлік құжатта және тендерді үймдастырушының хабарландыруында орнатылған мерзімде және тәртіпте ұсынылған әлеуettік жеткізушілердің өтінімдерімен конверттер ашылады.

Тендерлік өтінімдерді ашу шарасына қатысатындар, әлеуettік жеткізушилердің уәкілетті өкілдері, өздерінің қатысатындықтарын растайтын олардың қатысуға уәкілетті екендіктерін растайтын құжаттар ұсынуы керек және Атырау облыстық деңсаулық сақтау басқармасы «Жүктірылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) қарсы курес және алудың алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖК КМК, бухгалтерияга, 2021 жылдың 25 қантар жергілікті уақытпен сағат 10-45-те тіркелуі керек.

Әлеуettік жеткізушилер мен олардың уәкілетті өкілдері, тендерлік комиссияға тендерлік өтінімдерді ашу кезіндегі шараны жазып алу үшін аудиотаспаға және бейне түсірілімге түсіру техникалық бұйымдары бар екендіктері туралы мәлімдейді.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде комиссияның хатшысы барлық қатысушы адамдарға тендерге қатысушы әлеуettі өнім берушілердің атауын және мекенжайын, олар ұсынған бағалар, жеткізу мен төлем шарттарын, тендерлік өтінімдердің өзгерілігуін және қайтарыптын алуын, егер олар құжатты түрде ақындалған болса, тендерлік өтінімдердің құрайтын ұсынылған құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды. Бұл ақпарат тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында көрсетіледі.

2. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

26. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерге бағалау және салыстыруды жүзеге асырады. Тендерлік өтінімде қамтылған ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына күмәнданды жағдайда жетіспейтін құжаттарды толықтырумен не тендерлік өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстырумен байланысты комиссия әрекетін қоспағанда, комиссияға қажетті шараларды қабылдауға жол беріледі.

Әлеуettі өнім берушілердің олардың банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатқызылмауы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық немесе таратылу рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған олардың жосықсыз әлеуettі өнім берушілерінің тізбесінде болуы бөлігінде ақпаратты қарайды, деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсындағы ақпаратты қарайды.

27. Тендерлік комиссия мынадай жағдайларда:

- 1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерлік өтінімнің кепілдікті қамтамасыз етілуі ұсынылмағанда;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік көшірмелерін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәлік көшірмесі ұсынылмағанда;

3) жарғының көшірмесі немесе құрылтайшылардың құрамы туралы үзіндінің немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда құрылтай шартты ұсынылмағанда;

4) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмелері, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылмағанда (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін);

5) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер расталатын Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері не рұқсаттар (хабарламалар) ұсынылмаған не мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар мәліметтер үзіндінің көшірмелері ұсынылмағанда;

6) конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетакы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоғы (бары) туралы ұсынылмағанда; мәліметтер

7) тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде салық берешегі, міндетті

зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегі туралы акпарат болғанда (берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген олар бойынша төлем мерзімдері өзгертулген сомаларды қоспағанда);

8) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес уақыты өткен берешектің жоқ екені туралы қол қойылған банк анықтамасының түпнұсқасы ұсынылмағанда;

9) банктің немесе банк филиалының анықтамасында осы анықтаманы беру күнінің алдындағы үш ай бойы төленбеген әлеуетті өнім берушінің міндettемелері бойынша мерзімі өткен берешегі болғанда;

10) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер ұсынылмағанда;

11) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес техникалық ерекшелік ұсынылмағанда;

12) әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік ұсынғанда;

13) дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі белгіленгенде;

14) банкроттық, таратылу рәсімі қолданылған және (немесе) жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде болғанда;

15) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген талаптарға ұсынылған тауарлардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызыметтердің сәйкестігін растайын құжаттар ұсынылмағанда;

16) әлеуетті өнім беруші GDP тиісті дистрибуторлық практикасының сертификатын ұсынған жағдайды қоспағанда, дәрілік заттардың айналысы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері берген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бүйімдарды сактауға және тасымалдауға арналған жағдайлардың болуын тексеру актісінің, қажет болған кезде осы Қағидалардың 65-тармағының 14) тармақшасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық тексерудің "салындуату тізбегінің" болуы туралы актісінің көшірмесі ұсынылмағанда;

17) мәлімделген медициналық техниканың техникалық ерекшелігі тіркеу куәлігінде және (немесе) тіркеу деректерінде айқындалған техникалық сипаттамаға және (немесе) кұрауыштарына сәйкес келмеген;

18) осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда осы Қағидалардың 18-тармағының талаптарына сәйкес келмеген;

19) осы Қағидалардың 26, 30-тармактарында белгіленгендер;

20) егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттаманың шарттарында көрсетілгенге қарағанда қысқа болса;

21) егер бағалар кестесі ұсынылмаса не қол қойылмай ұсынылған;

22) сатып алу бағасы тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағадан және (немесе) уәкілетті орган белгілеген шекті бағадан жоғары бағалар кестесі ұсынылған;

23) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолмен куәландағырылмаған, конвертте әлеуетті өнім берушінің, тапсырыс берушінің немесе сатып алушы үйымдастырушының атауы немесе занды мекенжайы көрсетілмей ұсынылған тендерлік өтінімді тұтастай немесе лот бойынша қабылдамайды.

28. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өткізілмеді деп танылса, осы Қағидалардың 2-бөліміне сәйкес тапсырыс беруші немесе сатып алушы үйымдастырушы тендердің мазмұны мен шарттарын өзгертуді және тендерді қайта өткізеді.

29. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір ғана өтінімді беру негіздемесі бойынша өткізілмеді деп танылса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алушы үйымдастырушы осы өтінімді берген әлеуетті өнім берушіден сатып алушы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады.

30. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздердің бірі бойынша:

- 1) ұсынылған тендерлік өтінімдер болмаса;
- 2) екеуден аз тендерлік өтінімдер ұсынылса;
- 3) егер бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады;
- 4) егер бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады;
31. Тендердің женимпазы ең төмен баға негізінде айқындалады.

32. Тендерлік комиссия тендерге қатысу үшін қабылданған, тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, бағасы ең төмен негізделі өтінімді жөнімпаз болып анықталады.

33. Комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тендердің нәтижелерін хаттамалық рәсімдеу жолымен тендердің нәтижесін шығарады.

34. Тендерге қатысқан әлеуеттік жеткізуі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тағайындалған тәртіpte тендердің нәтижесіне шағымдануына болады.

3. Басымдықты ұсыну шарттары

35. Егер тауарды сатып алуға отандық тауар өндіруші болып табылатын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысса, онда сатып алу өткізілмеді деп танылады. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастыруыш немесе бірыңғай дистрибьютор отандық тауар өндіруші болып табылатын осы әлеуетті өнім берушілерден бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

36. Егер тауарды сатып алуға екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, оның біреуі отандық тауар өндіруші болып табылған және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда, онда сатып алу өткізілмеді деп танылады. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастыруыш немесе бірыңғай дистрибьютор отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушілерден бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

37. Егер тауарды сатып алуға отандық тауар өндірушілер болып табылатын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, онда осы лот бойынша отандық тауар өндірушілер болып табылатын әлеуетті өнім берушілер ғана жіберіледі және қалған әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдері қабылданбайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде шарттар жасау басымдығына:

1) дәрілік заттарды сатып алу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды берудің ұзак мерзімді шарттарын жасасу;

2) дәрілік заттарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP);

3) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификат алған әлеуетті өнім берушілер ие болады.

38. Сатып алу немесе жеткізу шартын жасауға басымдықты алу үшін әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізудің ұзак мерзімді шарттарын жасау кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификатты; тегін фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) сертификаты; фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу практика (GPP) сертификатын қоса береді. кезінде тиісті дәріханалық практика (GPP) сертификатын қоса береді.

39. Егер лотқа бір әлеуетті өнім беруші ғана қатысса немесе аукционға осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінімді және объектінің GMP немесе GDP талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты ұсынған әлеуетті өнім беруші ғана жіберілсе, онда комиссия бұл лотты өткізілмеді деп таниды. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастыруыш немесе бірыңғай дистрибьютор осы әлеуетті өнім берушіден бағасы бойынша оның баға ұсынысынан аспайтын бір көзден сатып алу тәсіліне ауысады.

40. Егер лотқа осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінімді және объектінің GMP немесе GDP талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты ұсынған екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысса, онда комиссия олардың тендерлік өтінімдерін ғана қарайды, ал басқа қатысушылардың тендерлік өтінімдерін (олар болған кезде) қабылдамайды.

6 бөлім. Мемлекеттік сатып алуар келісімшартын бекіту

41. Тапсырыс беруші тендердің қорытындысы шықкан күннен не сатып алуды ұйымдастыруышыдан сатып алу қорытындысын алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуettі өнім берушіге қол қойылған сатып алу шартын 7 қосымшага сәйкес немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша жасалған фармацевтикалық қызметтерді көрсету шартын жібереді.

42. Шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы оған қол қояды не тапсырыс берушіні оның талаптарымен келіспеуі немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазбаша хабардар етеді. Көрсетілген мерзімде қол қойылған шартты ұсынбау немесе оның талаптарымен келіспеу туралы хабарлау шарт жасасудан бас тарту болып есептеледі. Келіспеушіліктегі шешу мерзімі еki жұмыс күнінен аспауға тиіс.

43. Сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шарты, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

44. Егер тендердің жеңімпазы белгіленген мерзімде сатып алу шартына немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартына қол қоюдан жалтарса немесе тапсырыс берушіге оның шарттарымен келіспеуі туралы хабарламаса, онда тапсырыс беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін және баға ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін екінші болып табылатын тендерге қатысушымен шарт жасайды.

45. Шартқа өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстың мазмұнын өзгеретін кандай да бір өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге (тауар бағасын, көлемді азайтуды қоспағанда), оның ішінде шартта көрсетілген сауда атауын басқа сауда атауымен ауыстыруға жол берілмейді.

46. Өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапа мен басқа да шарттар өзгермеген жағдайда, жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) тауарларға бағаны және тиісінше шарттың бағасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) тауарлардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің көлемін азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.

47. Тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастыруышының сатып алу туралы, фармацевтикалық қызмет көрсету туралы шартқа қол қойылғанға дейін тауардың не фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайту мақсатында тендер жеңімпазы болып танылған әлеуettі өнім берушімен келіссөздер жүргізуіне жол беріледі. Әлеуettі өнім беруші өзінің қалауы бойынша тауардың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің бағасын азайтуға келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдайды, ол тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастыруышының тендер жеңімпазы болып танылған әлеуettі өнім берушімен шартқа қол қоюдан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

7 бөлім. Сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу тәртібі

48. Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтерді көрсету шартының мазмұнын, нысанын және оны кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу талаптарын (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастыруыш айқынрайтады және ол тендерлік құжаттамаға, сатып алу шартына және фармацевтикалық қызметтер көрсету шартына енгізілуге тиіс.

49. Кепілдікті қамтамасыз ету сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының бағасының үш пайызын құрайды және ол:

1) тапсырыс берушіге қызмет көрсетілетін банкке салынатын ақшалай қаражат түріндегі кепілді жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі орган бекіткен нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілген банк кепілдемесі түрінде ұсынылады.

50. Ақшалай қаржатты кепілді жарна түрінде кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің тиісті шотына енгізеді.

51. Егер сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының бағасы тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, кепілдікті қамтамасыз ету енгізілмейді.

52. Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді өнім беруші, егер өзі өзгешені көздемесе, күшіне енген күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартының орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге мынадай жағдайларда:

1) өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шарты бұзылғанда;

2) жеткізу шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда (жеткізу мерзімдерінің бұзылуы, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу және шарттың басқа да талаптарының бұзылуы);

3) орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сатып алу шартында немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартында көзделген айыппұл санкциялары төленбекенде қайтармайды.

Келісім-шартқа
1 Қосымша

Сатып алынатын реагенттер тізбесі

N ло т	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны көлемі	Тауарды н жеткізу орны	Мемлекеттік сатып алу үшін тендер тәсілімен бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	Атырау облыстық денсаулық сақтау баскармасы «Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромына (ЖИТС) карсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» ШЖҚ КМК	ARCHITECT аппараты үшін АИТВ Ag / At Комбо реагент кит 500 иссл (HIV Ag / Ab Combo Reagent kit)	жиынты қ	70	Атырау қ, Владимир көш 22 б	20 685 000
Барлығы						20 685 000

* Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамасы және мінездемесі
техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Директордың м.а.



Л.З. Абданова

«Жұқтырылған иммун тапшылығы
синдромы (ЖИС)» ПЖҚ КМК

Л.З.Акбанова

Келісім шартта
2 Косымша

Техникалық сипаттама



N лота	Техникалық сипаттама	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы	Тендер бойынша мемлекеттік сатып алуға белгіліген сома, тенге
1	2	3	4	5	6
1	ARCHITECT аппараты үшін АИТВ Ag / At Комбо реагент кит 500 иссл (HIV Ag / Ab Combo Reagent kit)	жынытық	70	295 500	20 685 000
	Барлығы				20 685 000